

ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІН МЕНГЕРТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аймухамбетова Шолпан Изтургановна
БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының
№7 жалпы орта білім беретін мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі кезде оқушылардың бойына ХІХ ғасыр дағдыларын дарыту, олардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Мәселен, оқылым дағдысына келсек, балаларымыз әріп танығанымен зейін қойып оқуға, оқығанын зердесіне құйып өзгеге түсіндіріп беруге шорқақ. Яғни, оқылым дұрыс болмағаннан кейін, айтылымнан да ақсап жатамыз. Ал мәтінді түсіндіріп беруге тырысқан, айтылым дағдысы қалыптасқан адамды тыңдай алмайтын да жағдайлар кездесіп жатады. Ойымызды жүйелеп жазып беруге қиналатын сәттеріміз және бар. Мұның бәрі тілдік дағдылардың жете қалыптаспағанын білдіреді.

Жалпы тіл үйрету – төрт басты құрамдас бөліктен тұратын, айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым тілдік әрекеттерін қамтитын кешенді де, көп сатылы үдеріс. Тілдік білім дағдылары бастауыш мектеп сатысында-ақ тұрақты қалыптаса бастайды. Тіл дамытудағы, тілдік дағдыларға төселдірудегі басты мақсат – оқушылардың сөйлеу әрекетін бірізді және жүйелі түрде дамыту. Сөйлеу әрекеті – ақпаратты алу мен ұсынуға бағытталған белсенді үдеріс. Сөйлеу түрлері ауызекі сөйлеу және жазба тіліне бөлінетіндігі белгілі, сондай-ақ сипатына қарай өнімді, өнімсіз болады.

Айтылым – ауызша вербалдық қарым-қатынас арқылы жүзеге асатын тілдік әрекеттің өнімді түрі. **Тыңдалым** – ауызша ақпаратты түсіну және қабылдаумен байланысты тілдік әрекеттің өнімсіз түрі. **Оқылым** – жазбаша мәтінді түсіну және қабылдаумен байланысты тілдік әрекеттің өнімсіз түрі. **Жазылым** – графикалық үлгіде ойды жарыққа шығаруды қамтамасыз ететін тілдік әрекеттің өнімді түрі.

Осы дағдылардың ішінде оқылымға тоқталайық. Оқылым деген не? Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтудан гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда, жазба тілдегі мәтінді түсіну, жазбаша сөзді түсіну мен көру арқылы қабылдауға бағытталған тілдік әрекет. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер, сөйлем және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет. Бұл әрекетті қамтамасыз ететін дағдылар шартты түрде екіге бөлінеді:

- оқу техникасына байланысты мәтіннің естілімдік өңделуін қамтамасыз етеді, яғни көзге көрінетін шартты белгілер таңбаларын мағыналық бірліктерге өзгерту немесе қабылданған графикалық белгілерді олардың мағыналарымен сәйкестендіру;

- қабылданған ақпаратты мағыналық өңдеу – ақпаратқа байланысты өзіндік пікір білдіру, сәйкес мәтіндердің мазмұнын салыстыру, байланыс

орнату, автордың көзқарасын түсіну және түсіндіру, яғни мәтінді терең ұғына түсу.

Оқылым мәтін мазмұнына тереңдей енуіне қарай: көз жүгірте оқу, детальді оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу, ізденістік оқу, зер салып оқу сияқты оқылым түрлеріне коммуникативтік қажеттіліктеріне байланысты бөлінеді.

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгірте оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу. Нақты ақпаратты табу үшін оқу – мәтін ішіндегі ақпаратты тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді оқу, мазмұнын білу маңызды емес, мысалы мәтіннен маңызды пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу. Детальді түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу, мысалы келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Сөз мағынасын контекстен ажырату – мәтіндегі таныс емес сөздердің мағынасын түсіну (болжау) үшін оның айналасындағы сөздер мен сөйлемдерге назар аудару. Ізденістік оқу – мәтін мазмұны туралы жалпы түсінік алуға бағытталған оқу, оқушылар мәтіннен өзін қызықтыратын ақпаратты ғана іздейді. Таныса оқу – мәтіннен басты ақпаратты, негізгі мазмұны туралы түсінік алуды, мәтіннің негізгі идеясын түсінуді мақсат етеді. Зер салып оқу – мәтін мазмұнын толық және нақты түсінумен, оқылған материалды әңгімелеу мен баяндауда қайта жаңғыртымен ерекшеленеді.

Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтерілген мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін мәтін тақырыбына, берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуы, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгіме, поэма, құттықтау хат, үнпарақ, жинақ (брошюра), хабарландыру, т.б.

Оқылым дағдыларын бағалау: мәтінмен жұмыс (стилі, жанры, тіліндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу, ақпаратты өңдеп, пікірге қатысты үндеу хат, мақала жазу, түсініп оқу, жаңа сөздермен жұмыс, проблемалық сұрақтар құрастыру, тест тапсырмалары, кестемен жұмыс, салыстыру, сәйкестендіру, кері байланыс беру, талқылау, талдау. Білім алушылар жасалған жұмыстардың нәтижесінде өз ойын еркін жеткізуге, өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға, ынтымақтастыққа, жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге, бірін-бірі тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, өз позициясын қорғауға, қорғануға үйренеді.

Жұмыстарды ұйымдастыру барысында сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтиже анық болуы, тілдік дағдаларды дамыту, белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушының пәнге қызығушылығын арттыру, сөздік қорын байыту, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс, оқу жетістіктерін бағалау ұсынылды. Жүйелі жұмыстың нәтижесі оқылым дағдысымен байланысты басқа дағдылардың меңгерілуінен көрінеді.